

Register your product and get support at
www.philips.com/support


AJ7000




EN Қолданушының нұсқасы

PHILIPS


A



D



E



1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Әсіресе қуат сымның ашаларын, электр розеткаларын және олардың радиосағаттан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, осы радиосағатты ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Радиосағаттың қуат сымы немесе ашасы бүлінген болса, оған су тиіп немесе үстіне зат құлаған болса, оған жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және басқаша бүлінген болса, оны жөндеу қажет.

- Осы радиосағаттың үстіне су тамшылауына немкск шашырауына жол беруге болмайды.
- Радиосағаттың үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық құйылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.

2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы радиосағат беретін мүмкіндіктер:

- FM/MW радиосын тыңдау;
- екі оятқышты орнату; және
- зуммермен немесе радиомен ояту.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі құрылғы (батареямен бірге)
- Адаптер
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу (A)

① SLEEP

- Ұйқы таймерін орнатыңыз.

② Негізгі тұтқа

- Дыбыс деңгейін реттейді.
- Таңдауды растау.
- Параметрлерді реттеу.

③ TIME ZONE

- Уақыт белдеуін орнату.

④ FM/MW

- Тюнер көзін таңдау.

⑤ SET TIME/PROG

- Уақытты орнату.
- Радио станцияларды бағдарламалау.

⑥ AL1/AL2

- Оятқышты орнату.
- Оятқыш параметрлерін көру.
- Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату.

⑦ SNOOZE/BRIGHTNESS

- Оятқышты кейінге қалдыру.
- Диплей жарықтығын реттеу

⑧ TUNING MODE

- Реттеу режимін таңдау.

⑨ PRESET

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

⑩ DST

- Жазғы уақыт (DST) режимін таңдау.

- ⑪ AC 6V ~ 450mA
 - Қуат көзіне қосыңыз.
- ⑫ FM ANT
 - FM қабылдауын жақсартады.
- ⑬ Батарея науасы
- ⑭ Дисплейлі панель
 - Күйді көрсетеді.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Батареяны салу (B)



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареяда химиялық заттар бар, сондықтан оларды дұрыс тастау керек.
- Балаларды батареядан аулақ ұстаңыз.



Ескертпе

- Қуат көзі ретінде тек айнымалы ток қуатын пайдалануға болады. Алдын ала орнатылған литий CR2032 батареясы сағат және оятқыш параметрлері үшін тек қосымша қуат көзі ретінде қызмет етеді.

Батарея заряды төмен көрсеткіші көрсетілсе, батареяны көрсетілгендей ауыстырыңыз.

Қуатты қосу ©



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат кернеуі радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



Абайлаңыз

- Өрт немесе ток соғу қаупін азайту үшін радиосағатты жаңбырда немесе ылғалда қалдырмаңыз.

Аша және орнату

Уақыт зауытта алдын ала орнатылған. Қуат қосылған кезде орнатылған уақыт автоматты түрде көрсетіледі.

Кірістірілген литий батарея қуаттың үзілісіне қарамастан сағат параметрін сақтай алады.

Уақыт белдеуін таңдау

Уақыт белдеуі параметрін орынға сай реттеуге болады.

- 1 Күту режимінде TIME ZONE түймесін басыңыз.
↳ The current time zone number blinks on the display.
- 2 Уақыт белдеуін орнату үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз (-1 және +12 арасындағы мәндерге реттеуге болады).
- 3 Растау үшін тұтқаны басыңыз.

Еуропа үшін:

Батыс еуропалық уақыт (WET)	+0
Орталық еуропалық уақыт (CET)	+1 (әдепкі)
Шығыс еуропалық уақыт (EET)	+2
Мәскеу стандартты уақыты (MST)	+3

Сағатты орнату (D)

Егер алдын ала орнатылған уақыт дәл емес болса, сағатты қолмен орнатуға болады.

- 1 Күту режимінде сағатты орнату режимін белсендіру үшін **SET TIME** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты реттеу үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз.
- 3 Растау үшін тұтқаны басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты және 12/24 сағаттық пішімді орнату үшін 2-3-ші қадамдарды қайталаңыз.

4 FM/MW радиосын тыңдау

Радиостанцияларды реттеу



Keңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 FM немесе MW тюнер көзін таңдау үшін **FM/MW** түймесін басыңыз.
- 2 **[FIND]** (іздеу) жыпылықтағанша **TUNING MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Негізгі тұтқаны баяу бұрыңыз.
↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 4 Растау үшін тұтқаны басыңыз.
- 5 Қосымша радиостанцияға реттеу үшін 3-4-ші қадамдарды қайталаңыз.

Станцияны қолмен реттеу үшін:

- 1 Тюнер режимінде **TUNING MODE** түймесін **[STEP]** (қадам) жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
- 2 Жиілікті таңдау үшін тұтқаны баяу бұрыңыз.

Радио стансаларды автоматты түрде сақтау

Ең көбі 20 FM радиостанциясын және 10 MW радиостанциясын сақтауға болады.

- 1 Тюнер режимінде **TUNING MODE** түймесін **[AUTO]** (автоматты) жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
- 2 Негізгі тұтқаны баяу бұрыңыз.
 - ↳ Радиосағат барлық қол жетімді FM/MW радиостанцияларын сақтайды және бірінші қол жетімді станцияны автоматты түрде таратады.

Радио стансаларды қолмен сақтау

- 1 Радио станцияға реттеу.
- 2 **PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Алдын ала орнатылған сан жыпылықтай бастайды.
- 3 Нөмірді таңдау үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз.
- 4 Растау үшін тұтқаны басыңыз.
 - ↳ **[DONE]** (дайын) көрсетіледі.
- 5 Басқа станцияларды сақтау үшін 1 - 4-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Тюнер режимінде **PRESET** түймесін басыңыз, одан кейін алдын ала орнатылған станцияның нөмірін таңдау үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз..

Дыбыс деңгейін реттеу (E)

5 Оятқыш таймерін орнату

Оятқышты орнату

Екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаруға орнатуға болады.



Note

- Make sure that the clock is set correctly.

- 1 Күту режимінде оятқышты орнату режимін іске қосу үшін **AL1/AL2** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ Күту режимінде оятқышты орнату режимін іске қосу үшін **AL1/AL2** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- 2 Сағатты реттеу үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз.
- 3 Растау үшін негізгі тұтқаны басыңыз.
↳ Минут цифрлары және **[AL1]/[AL2]** жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты және оятқыш көзін орнату үшін 2-3-ші қадамдарды қайталаңыз: зуммер немесе соңғы тыңдаған арна.

Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

- 1 Оятқыш параметрлерін көру үшін **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
- 2 Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін **AL1/AL2** түймесін қайтадан басыңыз.

- ↳ **[AL1]/[AL2]** оятқыш таймері қосулы болса көрсетіледі және өшірулі болса кетеді
- Шығып жатқан оятқышты тоқтату үшін сәйкес **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
- Оятқыш қоңырау келесі күні қайтадан соғылады.

Оятқыш қоңырауды кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз

- ↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

6 Басқа мүмкіндіктер

Ұйқы таймерін орнату

Осы радиосағат алдын ала орнатылған кезеңнен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады.

- 1 **SLEEP** түймесін басыңыз.
- 2 Ұйқы таймерінің мерзімін (минуттар түрінде) таңдау үшін негізгі тұтқаны бұрыңыз.
- 3 Растау үшін тұтқаны басыңыз.
 - ↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда **zZ** көрсетіледі.

Ұйқы таймерін ажырату үшін:

Ұйқы таймерін орнату режимінде тұтқаны **[OFF]** (өшірулі) көрсетілгенше бұрыңыз, одан кейін тұтқаны басыңыз.

15 → 30 → 60 → 90 → 120



DST (жазғы уақыт) режимін таңдау

Жазғы уақыт (DST) бар елдер үшін радиосағат жазғы уақытты реттеу үшін DST опциясын ұсынады.

Күту режимінде **DST** түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

- ↳ Сағат бір сағат алға жылжиды және **[DST]** көрсетіледі.

Диплей жарықтығын реттеу

Әр түрді жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **BRIGHTNESS** түймесін қайта-қайта басыңыз: **[HI]** (жоғары), **[MID]** (орташа) және **[LOW]** (төмен).

7 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Specifications

Amplifier

Rated Output Power

0.6 W RMS

Теңшегіш

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц MW: 531-1602 КГц
---------------	--

Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	FM: <22 дБ MW: <92 дББВ/М
--	------------------------------

Іздеуді таңдау мүмкіндігі	FM: <28 дБж MW:<98 дББВ/М
---------------------------	------------------------------

Гармоникалық мазмұн	FM: <3 % MW:<5 %
---------------------	---------------------

Шу коэффициентіне сигнал	FM: >45 дБ MW:>40 дБ
--------------------------	-------------------------

Жалпы ақпарат

АТ қуаты	Үлгі: AGC060V0450T немесе EML352540VD; Кіріс: 220- 240 В ~, 50/60 Гц; Шығыс: айнымалы ток 6 В 450 МА
----------	---

Жұмыс үшін қуат тұтынуы	<5 Вт
-------------------------	-------

Күту режимінде қуат тұтынуы	<1 Вт
--------------------------------	-------

Мөлшері - Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	134 x 112 x 42 mm
--	-------------------

Салмағы - Қорабымен	0,82 кг
- Негізгі құрылғы	0,38 кг

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Радиосағаттың АТ адаптерінің ашасы дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.

Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Радио бөгеуілдерге жол бермеу үшін радиосағатты басқа электрондық құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- FM антеннасын түгелдей созып, реттеңіз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

9 Ескерту



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және

адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2015 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған. Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Gibson кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.
This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.
Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

